

2009 жылға Маңғыстау ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және олардың көлемдерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық әкімиятының 2009 жылғы 9 ақпандағы N 51 қаулысы. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 наурызда N 11-5-74 тіркелді

Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы”, “Халықты жұмыспен қамту туралы ” заңдарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы “Халықты жұмыспен қамту туралы” N 836 қаулысын басшылыққа алып, Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Қоса беріліп отырған 2009 жылға Маңғыстау ауданы бойынша ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстарды жүргізетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбек ақысының мөлшері және қаржыландыру көздері бекітілсін /қосымша/.

2.Қоғамдық жұмыс түрлерін ұйымдастыру Маңғыстау ауданының село әкімдеріне және жіберілетін ұйымдарға ұсынылсын.

3.Жұмыссыздардың қоғамдық жұмысқа сұранысына қарай жедел жіберілуін ұйымдастыру аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне / С.Қайымова/ міндеттелсін.

4.Қоғамдық жұмысқа арналған бюджеттік қаржы шығындарын жоспарлау және қаржыландыру аудандық экономика және қаржы бөліміне /Р.Шабикова/ тапсырылсын.

5.Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

6.Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Ж.Албытов